

Бекітемін:  
«Әсем» бөбекжай  
балабақша менгерушісі  
\_\_\_\_\_ Ә.Т.Дөнен

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ |  |            |            |            |            |
|---|--|------------|------------|------------|------------|
| Білім беру үйімі<br>балабақша                 | «Әсем» бөбекжай балабақша  |            |            |            |            |
| Топ   | Ортаңғы топ  |            |            |            |            |
| Тобы, топтың<br>реттік саны, атауы            | «Балапан»<br>Бала саны 25  |            |            |            |            |
| Балалардың жасы                               | 3-4 жасар балалар  |            |            |            |            |
| Педагогтің аты-<br>жөні                       | Оңгарова Айжан   |            |            |            |            |
| Жоспардың құрылу<br>кезеңі                    | 05.09-09.09.2022ж.   |            |            |            |            |
| Апта күндері                                  | Дүйсенбі   | Сейсенбі   | Сәрсенбі   | Бейсенбі   | Жұма       |
| Күн тәртібі                                   | 05.09.2022   | 06.09.2022 | 07.09.2022 | 08.09.2022 | 09.09.2022 |
| Балаларды<br>қабылдау                         | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көңіл қүйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу. |            |            |            |            |

|  |   |   |   |  |  |
|--|---|---|---|--|--|
| <b>Ата-аналармен<br/>әңгімелесу, кеңес<br/>беру</b>  | Әңгімелесу: отбасылық дәстүрлер туралы, баланың отбасындағы тәртібі, оның әдептері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу. |   |   |  |  |
| <b>Балалардың дербес<br/>әрекеті (баяу<br/>қымылды ойындар,<br/>ұстел ұсті<br/>ойындары, бейнелеу<br/>әрекеті, кітаптар<br/>қарау және тағы<br/>басқа әрекеттер)</b> | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты.<br>Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.                          | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышында кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларға белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын менгеруге, бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін салу, киімдерін іліп немесе үқыптылықпен бұқтеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге / тазалау, кептіру т.б/ іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету:<br>ойыншықтарды, құрылыш материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауды үйрету. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру. |
|  | <b>"Жоғалған зат"<br/>ұстел ұсті ойыны.</b><br>Мақсаты. Педагог ұстелдің ұстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият   | <b>"Шатаспай есте<br/>сақта" ұстел ұсті<br/>ойыны.</b><br>Мақсаты. Әр баланың алдына әртүрлі заттар             | <b>"Сәлем" саусақ<br/>жаттығуы.</b><br>Сәлемдесsem әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды).   | <b>Санамақтар<br/>айтқызы.</b><br>Екі көз бен қос құлак Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос  | <b>"Өрмекші" саусақ<br/>жаттығуы.</b><br>Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сүқ  |

|  |  |   |   |   |  |
|--|--|---|---|---|--|
|  | <p>карап алған сон, теріс<br/>карап тұрады.</p> <p>Үстелден бір зат<br/>алып тасталынады.</p> <p>Бала қай заттың<br/>жоғалып кеткенін<br/>табу керек.</p> <p>Заттардың санын<br/>біртіндеп көбейтуге<br/>болады.</p> | <p>бейнеленген 10-15<br/>карточка қойылады<br/>(алма, троллейбус,<br/>шәйнек, ұшақ, қалам,<br/>машина, ат, әтеш<br/>т.б.)</p> <p>Педагог:<br/>-Қазір мен сендерге<br/>бірнеше сөздерді<br/>атаймын. Алдындағы<br/>суреттерге қарап, мен<br/>айтқан сөзді есте<br/>сақтауга<br/>көмектесетін бір<br/>затты таңдал ал да,<br/>оны бөлек жерге<br/>қой", - деп нұсқау<br/>береді.</p> <p>Бірінші сөз оқылады.</p> <p>Балалар алдарындағы<br/>суреттен таңдаған<br/>сон, екінші сөз және<br/>ары қарай осылайша<br/>оқылады. Бала<br/>педагог айтқан сөзді<br/>қайталап, өз<br/>заттарының ішінен</p> | <p>Үйде және көшеде<br/>(екі қолдарын алға<br/>жаяды).</p> <p>Tіпті "сәлем" -<br/>деймін мен<br/>("канаттарын" екі<br/>қолдарын сәл<br/>көтеріп, қайта түсіріп<br/>қағып тұрады).</p> <p>Тауыққа көрші үйдегі<br/>(бір қолдың сыртын<br/>екінші қолдың<br/>алақанына беттестіре<br/>саусақтарды жан-<br/>жаққа аша "күн"<br/>жасайды).</p> <p>- Сәлемет пе, (екі<br/>қолды жоғары созып,<br/>аспанды көрсетеді)</p> <p>Шуақты күн көкте!<br/>(екі қолды жоғары<br/>көтере екі жанына<br/>кезек тенселеді).</p> <p>- Сәлемет пе, (екі<br/>қолды төмен түсіре,<br/>қол бастарын бір-<br/>бірінің үстіне қойып</p> | <p>шырақ,<br/>Санап шығар кім<br/>бұрын?!</p> <p>Екі аяқ пен екі қол,<br/>Бір ауыз бен бір тілің<br/>...</p> <p>Нешеу болды қане,<br/>бол,<br/>Санап шығар кім<br/>бұрын?!</p> <p>Сұқ саусағым суға<br/>барды<br/>Ортаң қолым орақ<br/>орды.</p> <p>Аты жоғым ағаш<br/>жарды,</p> <p>Жұмсамалты<br/>алақаным,</p> <p>Тек шынашак-<br/>балапанын.<br/>(М. Қуанышбеков)</p> | <p>саусағының ұштарын<br/>түйістіреді, керісінше<br/>қайталайды (сол<br/>қолдың бас бармағы<br/>мен оң қолдың сұқ<br/>саусағы),</p> <p>Өрмекші өрмек<br/>тоқиды (саусақтарын<br/>сыртылдатады),</p> <p>Нәсер тек кенет<br/>сeldеткен (оң<br/>алақанмен сол қол<br/>алақаның үстінен тез<br/>«сырганап түседі»),</p> <p>Еңбегін оның жоқ<br/>қылды (барлық<br/>саусақтардың арасын<br/>ашып, бір қолдың<br/>алақандарына екінші<br/>қолдың алақан<br/>сыртын беттестіреді<br/>«күн» жасайды),</p> <p>Күн шықты қайта<br/>жарқырап (екі қол<br/>алақандарын<br/>беттестіре жоғары<br/>көтеріп біресе онға,</p> |
|--|--|---|---|---|--|

|                    |  |  |   |  |
|--------------------|--|--|---|--|
|                    |  | <p>байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет.</p>   | <p>алдына ұстайды). Нұрлы аспан көкпеңбек! (оң жаққа оң қолын жаяды)<br/>         - Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды). Самал жел желпіген (оң қолдың сүк саусағын алдына тік ұстап онға және солға кезектестіре шайқайды).<br/>         - Сәлемет пе, (бастарын шайқайды) Кішкентай тұбіртек!<br/>         Сәлем, таң жана атқан!<br/>         Сәлем, күн арайлы!<br/>         Сәлемге еріну!<br/>         Бізде әсте болмайды.</p> | <p>біресе солға иіледі), Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек.</p> |
| Таңертенгі жаттығу |  | <p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ кубиктермен)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастанқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде             <ol style="list-style-type: none"> <li>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, кубиктерін көрсетіп: "міне " дейді;</li> <li>1.2. Бастанқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</li> </ol> </li> <li>2. Бастанқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол кубиктермен көкірек тұсында             <ol style="list-style-type: none"> <li>2.1. Онға бұрылышп, қолдарын созып, кубиктерін көрсетіп: "міне " "міне " дейді;</li> </ol> </li> </ol> |   |  |

|   |   |  |   |  |  |
|---|---|--|---|--|--|
|   | <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаңады).</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталаңады және 4 рет қайталаңады).</p> <p>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "міне" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаңады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол кубиктермен көкірек тұсында</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "міне" дейді (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> |  |   |  |  |
| <b>Таңғы ас</b>                             | <p>"Ас адамның арқауы"</p> <p>Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру; орындыққа өздері отырып-тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану керектігін еске түсіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілең, тамақтан соң алғыс айтудары.</p>   |  |   |  |  |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> | <p><b>"Менің отбасым"</b><br/>тақырыбында<br/>балалармен<br/>әңгімелесу.</p> <p>"Отбасы"<br/>тақырыбында<br/>сюжетті суреттер<br/>көру. Суретке<br/>байланысты сұрақтар<br/>қою.</p>  | <p><b>"Отбасындағы</b><br/><b>сыйластық"</b><br/>әңгімелесу.</p> <p>Мақсаты.<br/>"Отбасындағы</p> <p><b>сыйластық"</b><br/>тақырыбында<br/>балаларға сұрақтар<br/>қою және сұрақтарға<br/>толық жауапты талап<br/>ету.</p> | <p><b>Шаттық шенбері</b></p> <p>Мақсаты. Балаларға<br/>эмоционалды<br/>жағымды көңіл-күй<br/>мен оқу қызметіне<br/>мотивациялық<br/>тақырында<br/>балаларға сұрақтар<br/>қою және сұрақтарға<br/>толық жауапты талап<br/>ету.</p> | <p><b>"Менің ең жақын</b><br/><b>досым - менің</b><br/><b>анам"</b> әңгімелесу.</p> <p>Мақсаты. "Менің ең<br/>жақын досым - менің<br/>анам" тақырыбында<br/>балалармен<br/>әңгімелесу. Сөздік<br/>қорларын молайту.</p> <p>Күнім күліп арайлы,</p> | <p><b>"Менің отбасым"</b><br/>тақырыбында<br/>әңгімелесу.</p> <p>Мақсаты. "Менің<br/>отбасым"<br/>тақырыбында,<br/>отбасы мүшелеріне<br/>байланысты<br/>жұмбақтар қою.<br/>Жұмбақтардың<br/>жауабын ұш тілде<br/>айтқызу. Суреттерді<br/>сипаттау.</p> |

|  |  |   |   |   |   |
|--|--|---|---|---|---|
|  |  |   | Тереземнен қарайды.<br>Достарыммен<br>шенберге,<br>Тұрғанымды<br>қалайды.   |   |   |
| <b>Білім беру<br/>ұйымының кестесі<br/>бойынша<br/>ұйымдастырылған<br/>іс-әрекет</b> | <b>Дене шынықтыру</b><br>"Сапқа тұрайық"<br>Мақсаты. Балаларды сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту.<br>"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны. | <b>Дене шынықтыру</b><br>"Бауырсақпен шенберге тұру"<br>Мақсаты. Балаларды шенберге тұруға үйрету; шенберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шенберге, шенберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету.<br>"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны. | <b>Музыка</b><br>"Ойыншықтар"<br>Мақсаты. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратып, білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музика әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде | <b>Дене шынықтыру</b><br>"Шенберге өз еркімен тұрамыз"<br>Мақсаты. Балаларды музика әуенімен бірінің артынан бірі шенбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музика әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және тізені жоғары көтеріп, денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; ұзындыққа екі аяғымен секіру және 2-топ - бір- | <b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.</b><br>"Мұрагер"<br>Мақсаты. Балаларды "Мұрагер" ертеңісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқияттыңдауга үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; ертегідегі адамдардың тіршілігі туралы мағлұматтар береді отырып, үлкендердің тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы түсінік беру. |

|  |  |   |   |   |
|--|--|---|---|---|
|  |  | <p>ұғымдарын кеңейту.<br/>Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыраты білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту.<br/>Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу</p> | <p>біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату іскерліктерін жетілдіру; қымыл ойыны арқылы допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту.<br/>"Шеңбердегі доп" қимылды ойыны.</p> | "Кіші ұлдың асыл бұйымын тап" ойын рефлексиясы. |
|--|--|---|---|---|

|                          |  |   |   |   |   |
|--------------------------|--|---|---|---|---|
|                          |  |   | қызметіне<br>қызығушылықтары<br>мен белсенділіктерін<br>арттыру.<br>"Ұшты-ұшты"<br>ойны.  |   |   |
| <b>2- таңғы ас</b>       | Тағамның атаян есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"   |   |   |   |   |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Балаларды өз киімдерін танууга, атаяуга, өз шкафын таңбалашуыш арқылы табуға үйрету.   |   |   |   |   |
| <b>Серуен</b>            | Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Жерде жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты: балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жаяуп арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру; табигат | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойны жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін қадағалау. Ауа райын бақылау. Мақсаты: өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойны жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Қайың ағашын бақылау. Торғайларды бақылау. Мақсаты: торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін терендету; балалардың танымдық | Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Қайың ағашын бақылау. Мақсаты: қайың ағашының белгілерін атау; оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына тамсануға деген үмтүлісты | Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Иттерді бақылау. Мақсаты: иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына құтім жасау қажеттілігін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары |

|  |   |   |   |   |   |
|--|---|---|---|---|---|
|  | <p>әсемдігін сезіне білуге тәрбиелуе. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (гүл тұқымын жинау). Мақсаты: жұмысты бірігіп орындауға деген ұмтылысты дамыту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аттар"</b></p> <p>Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, балалардың дene қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көніл-күйлерін көтеру; "Ер қанаты - at" деген ұғымды қалыптастыру; жарысып ойнауға. Барысы: балалар алаңда екі топқа</p> | <p>(көкөністерді жинауга арналған ұжымдық еңбек). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасауды үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кияр, кияр".</b></p> <p>Мақсаты: белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, лақтыруға күш беру қабілетін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>қызығушылықтарына қарай ойын тандау мүмкіндігін</p> | <p>қабілеттерін дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек (қызылшаны жинау). Мақсаты: жұмыс істеуге үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кияр, кияр".</b></p> <p>Мақсаты: белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, лақтыруға күш беру қабілетін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>қызығушылықтарына қарай ойын тандау мүмкіндігін</p> | <p>қарапайым еңбек тапсырмалары (көкөністерді жинау). Мақсаты: ұжымдық жұмыс істеуге үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кояндар мен қасқыр".</b></p> <p>Мақсаты:</p> <p>балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>қызығушылықтарына қарай ойын тандау мүмкіндігін</p> | <p>(бұршіктер мен жапырақтарды жинау).</p> <p>Мақсаты: қарпайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Коймадағы тышқандар".</b></p> <p>Мақсаты:</p> <p>балалардың денсаулыққа, ойнға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дene қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көніл-күйлерін көтеру; ептілікке, шашандастыққа, қызыға ойнауға баулу, ойнға деген қызығушылықтарын,</p> |
|--|---|---|---|---|---|

|  |  |                                  |   |   |   |
|--|--|----------------------------------|---|---|---|
|  | <p>бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша болады. Осы жалаушаны екі топ өзара жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек. Қай топ бірінші жеткізеді сол топ жеңіске жетеді.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p> | <p>түсе білуін қалыптастыру.</p> | <p>шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралыптастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p> | <p>қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p> | <p>белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу. Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық салылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі салылады.</p> <p>Ойыншылар мысықты таңдалады. Қалғандары тышқандар болады.</p> <p>Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Ал мысық осы кезде оларды ұстауға тырысады.</p> <p>Ұстап алған тышқанды “мысық” үйіне апарады.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын</p> |
|--|--|----------------------------------|---|---|---|

|  |  |  |  |  |   |
|--|--|--|--|--|---|
|  |  |  |  |  | материалдармен ойындар.<br>Мақсаты:<br>қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз күрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |
| <b>Серуенниен оралу</b>                        | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімді жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап жуып-шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сулгімен құрғату.  |  |  |  |   |
| <b>Тұскі ас</b>                                | Алдына қойған асқа назар аударту; шанышқыны саусақпен және ортаңғы саусақтармен ұстай қабілетін жақсарту үшін, жоғарғы бөлігін сұқ саусақтарымен ұстап отырып, қолдарындағы шанышқының орнын өзгерпестен, қолды ғана сәл айналдыру іскерліктеріне үйрету.  |  |  |  |   |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                           | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.   |  |  |  |   |
| <b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b> | Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындаиды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүргу. |  |  |  |   |
| <b>Бесін ас</b>                                | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу.   |  |  |  |   |

|   |   |  |  |  |  |
|---|---|--|--|--|--|
| <b>Балалардың дербес</b><br><b>әрекеті (баяу</b><br>қимылды ойындар,<br>үстел үсті ойындары,<br>бейнелеу әрекеті,<br>кітаптар қарап және<br>тағы басқа әрекеттер) | <b>Сөйлеуді</b><br><b>дамытудан ойын-</b><br><b>жаттығу.</b><br><br>Мақсаты. Балаларға<br>балабақша туралы<br>түсінік беру,<br>балабақша мен<br>топтың атауларын<br>жатқа айта білуге<br>үйрету, балалардың<br>ойыншықтар туралы<br>әңгімелегенде<br>қабілеттерін<br>қалыптастыру,<br>ойыншықтардың<br>қасиеттерімен<br>таныстыру.<br><br>Балаларды<br>ойыншықтармен<br>таныстыру кезінде<br>зейін, есте сақтау<br>және қабылдау<br>қабілеттерін,<br>тәсімдемек | <b>Сурет салудан</b><br><b>ойын-жаттығу.</b><br><br>Мақсаты. Балаларды<br>"Дуал"<br>көмекшілерінің<br>тіктөртбұрыш пішіні<br>бойымен тіке және<br>көлденең<br>сызықтарды<br>айқастыра жүргізіп,<br>дуалды салуға<br>үйрету; құрылыш<br>нысаны дуал туралы<br>түсінік беру.<br><br><b>Сюжетті-рөлдік</b><br><b>ойыны: "Отбасы"</b><br><br>Мақсаты: ойынға<br>деген<br>қызығушылықты<br>дамыту, балалар<br>арасындағы жағымды<br>қатынастарды<br>қалыптастыру. | <b>Математика</b><br><b>негіздері</b><br><br>Мақсаты. Балаларда<br>"Эженің<br>көмекшілері" | <b>Мұсіндеу</b><br><br>Мақсаты. Балаларды<br>"Әжем пісірген<br>тәттілер"<br>көмекшілерінің<br>тіктөртбұрыш пішіні<br>бойымен тіке және<br>көлденең<br>сызықтарды<br>айқастыра жүргізіп,<br>дуалды салуға<br>үйрету; құрылыш<br>нысаны дуал туралы<br>түсінік беру. | <b>Вариативті</b><br><b>компонент/Әлеумет</b><br><br>Мақсаты.<br>Балалардың<br>"Отбасы" ойыны<br>арқылы<br>шығармашылықтары<br>н шындау; отбасы<br>туралы түсініктегі<br>кеңейту; әр отбасы<br>мүшесінің атқаратын<br>ісі мен рөлі жөнінде<br>үғымдарын<br>қалыптастыру;<br>отбасылық<br>ынтымақтастық<br>туралы білімдерін<br>толықтыру.<br><br><b>"Кай жерде</b><br><b>шырылдады?"</b><br><b>дидактикалық</b><br><b>ойыны.</b><br><br>Мақсаты: дыбыстың<br>қай жерден<br>шыққанын анықтау. |
|---|---|--|--|--|--|

|  |   |   |   |   |
|--|---|---|---|---|
|  | <p>қызығушылықтарын дамыту.</p> <p>"Ойыншығынмен таныстыр" сөздік жаттығуы.</p> <p><b>"Менің отбасым"</b> дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат. Балалардың сөздік қорын отбасын сипаттайтын анықтамалармен толықтыру.</p> <p>Барысы: балалар кезекпен отбасы мүшелеріне байланысты суретті алып, өз отбасы мүшелері туралы айтады. Педагогтің сұрақтарына жауап береді. Үлгі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сенің отбасың қандай?</li> <li>- Менің отбасым ең көңілді (мейірімді, еңбеккор, кітап</li> </ul> | <p>"Жіпперді орнына сал" дидактикалық ойын.</p> <p><b>"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойны.</b> Мақсаты: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.</p> <p>Барысы: қорапта әртүрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жеміс-жидектер, ойыншықтар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған.</p> <p>Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не</p> | <p>кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру.</p> <p><b>"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойны.</b> Мақсаты: балаларды отбасылық қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашалық тұрғыдан түсіндіруге шақыру;</p> <p>Барысы: қорапта әрекеттердің іс-әрекетінің адамгершілік мағынасын ашу; өзара түсіністік сезімін, басқаларға деген қамкорлықты тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға ұлдар да, қыздар да қатысады. Әдетте олар ата-анасы немесе әжесі және басқа ересек туыстары ретінде</p> | <p>Алдын-ала дайындық жұмысы:</p> <p>қоңыраушаны дайындейдь.</p> <p>Барысы: балалардың ішінен жүргізушін тағайындауды.</p> <p>Балалар шенбер бойымен отырады, жүргізуі ортаға шығып көзін жұмады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұскайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады.</p> |
|--|---|---|---|---|

|  |  |                            |  |  |
|--|--|----------------------------|--|--|
|  | оқиды, саяхаттауды, спортты жақсы көреді), өйткені ... | бейнеленгенін атап айтады. | әрекет етеді.<br>Балалардың рөлін қуыршақтар ойнайды.<br>Біріншіден, барлығы бірге үй ортасын қалпына келтіруі керек: жиһазды орналастыру, заттар қою, сондай-ақ балалар кімнің қандай рөлдерді ойнайтыны туралы келісуі керек.<br>Педагог тек осы процесті бақылап, жанжалды жағдайларды шешуге көмектесе алады.<br>Ойынды босқа ойнамай, балаларды нақты жағдайларды шешуге ынталандыру:<br>"Балаларды балабақшаға жинау";<br>"Демалыс күні";<br>"Үйдегі тазалық"; |  |
|--|--|----------------------------|--|--|

|                              |  |   |  |  |  |
|------------------------------|--|---|--|--|--|
|                              |  |   |  | "Жөндейміз";<br>"Дастархан басында"<br>және т.б.<br><br>Ойын барысы<br>балалар арасындағы<br>қарым-қатынасты<br>ғана емес, сонымен<br>қатар еңбек<br>элементтерін де<br>қамтуы керек. Ойын<br>алдында балаларға<br>отбасылық<br>күнделікті<br>тақырыптағы ертегіні<br>окуға болады, содан<br>кейін оны талқылап,<br>ойын арқылы<br>сипатталған<br>жағдайда дұрыс<br>мінез-құлық моделін<br>көрсетуге болады. |  |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | "Менің отбасым",<br>отбасы тақырыбында<br>мақал-мәтелдер<br>айтқызу. | "Жапырағына<br>қарай ажырат"<br>дидактикалық<br>ойыны.<br><br>Мақсаты: ұқсас<br>белгісіне қарай | "Отбасы"<br>тақырыбында<br>санамақтар<br>айтқызу. Үлгі:<br><br>Бір үйде біз<br>нешеуміз? | "Өз әжең"<br>тақырыбында<br>әңгімелесу.<br><br>Мақсаты: баланың<br>сөздік қорын жақын<br>тыстырын білдіретін   | "Отбасы"<br>тақырыбында<br>санамақтар<br>айтқызу.<br><br>Бір үйде біз<br>нешеуміз? |

|  |  |   |  |                                  |  |
|--|--|---|--|----------------------------------|--|
|  |  | <p>жапырақтарды таба білуге жаттықтыру, сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p>Барысы: балаға әртүрлі жапырақтар таратылады. Балаға жапырақтарды салыстырып, қай ағаштың жапырағы екенін табу керек.</p> | <p>Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шұмек - анам,</p> <p>Кішкентай бебек - мен.</p> <p>Біз үйде нешеуміз? Біз үйде-бесеуміз.</p> | <p>жаңа сөздермен толықтыру.</p> | <p>Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шұмек - анам,</p> <p>Кішкентай бебек - мен.</p> <p>Біз үйде нешеуміз? Біз үйде-бесеуміз.</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b>   | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киоін қадағалау.  |   |  |                                  |  |
| <b>Серуен</b>  | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.   |   |  |                                  |  |
| <b>Серуеннен оралу</b>   | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру.   |   |  |                                  |  |
| <b>Кешкі ас</b>  | Тағамның атаяын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".   |   |  |                                  |  |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және</b> | <p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуенниң ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу.</p> <p>Өнер бұрышында суреттерді бояу.</p> <p>Театрлық қойылымдар.</p> |   |  |                                  |  |

|  |   |  |   |   |  |
|--|---|--|---|---|--|
| тағы басқа әрекеттер)                              | Есте сактау қабілетін жақсартуға арналған үстел үсті ойындар. |  |   |   |  |
| <b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)</b> | Кенес.<br>"Киын бала қайдан шығады?"                          | Кенес.<br>"Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз". | Кенес.<br>"Ойыншықтардың бала өміріндегі маңызы". | "Менің сүйікті ойыншығым" атты тақырыбында көрме үйымдастыру. | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; әңгімелесу. |

Әдіскер: А.А.Сулейменова